

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ӨКІЛДІГІ**

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ИМАМДАР ФОРУМЫНДА
БЕКІТІЛДІ**

**ҚАЗАҚСТАН
МҰСЫЛМАНДАРЫНЫҢ
ТҰҒЫРНАМАСЫ**



Шымкент 2015 ж

КІРІСПЕ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (әрі қарай – ҚМДБ) өз Жарғысы негізінде мемлекетіміздің зайырлы даму жолында Қазақстан мұсылмандарының өзге дін өкілдерімен, дін жолын ұстанбайтындармен ынтымақтастықта тіршілік етіп, ұлтаралық және конфессияаралық тұрақтылықты сақтаудағы отандық тәжірибені қолдайды. Сондай-ақ, бұл үрдісті одан әрі нығайтуға негіз болып саналатын осы Тұғырнаманы қабылдайды және күнделікті қызметінде басшылыққа алады.

Тұғырнамада мұсылманның негізгі діни ұстанымдары, білуге тиісті діни мәселелері және оның зайырлы қоғам тіршілігіне, мемлекеттің заңдары мен қоғамда қалыптасқан тәртіптерге қарым-қатынасы, білім алуға, емделуге, Отанды қорғауға, еңбек етуге, отбасына, қоршаған ортаға және ел аумағындағы халықтың салт-дәстүрлерін, ерекшеліктерін сыйлауға қатысты көзқарастары айқын көрсетіледі.

I. Негізгі діни ұстанымдар

1.1 Ислам негіздері

Ислам

«Ислам» сөзі «Кұдайға толық мойынсұну», «бейбіт адам болу» деген мағыналарды білдіреді. Ислам дінінің негіздері бесеу. Олар: иман, намаз, ораза, зекет және қажылық. Ислам діні құлшылықтардың көркем түрде орындалуын талап етеді.

ҚМДБ Ислам дінінің сүнниттік бағытын, оның ішінде имам Әбу Ханифа мәзһабын ұстанады. Мұсылман үмбетінің басым көпшілігіне ортақ сенім ұстанымдары мен шарифат шарттарын уағыздайды. Сенім, иман мәселелерінде имам Матуриди ақидалық мектебінің жолын ұстанады.

Иман негіздері (ақида)

Иман дегеніміз – жүреппен сеніп, тілмен айту. Иманның жеті шарты бар:

1. Алла Тағаланың бар әрі бір екендігіне сену;
2. Періштелерге сену;
3. Кітаптарына сену;
4. Пайғамбарларына сену;
5. Ақырет күніне сену;
6. Тағдырға (жақсылық пен жамандық тек Алладан екеніне) сену;
7. Өлгеннен соң қайта тірілу бар екендігіне сену.

Ақида – мұсылманның сенім мәселелерін қарастыратын ілім. Мұсылман ақидасының түп негізі – Құран мен Сүннет. Әрбір мұсылман: «Аллаға, Оның Өзіне тән есімдері мен сипаттарына кәміл иман келтірдім әрі Оның барлық әмірлеріне толық бойұсынып, қабыл алдым», – деп илануы қажет.

Алла Тағалаға тән сипаттар «Зати» және «Субути» болып екіге бөлінеді. А) «Зати» сипаттар алтау:

1. әл-Ужуд (бар болу);
2. әл-Қидам (әуелі жоқ әзәли);
3. әл-Бәқа (мәңгі);
4. Мухалафатун лил-хауадис (ешбір жаратылысқа ұқсамау);
5. Қиям бинафсиһи (өздігінен бар, ешнәрсеге мұқтаж емес);
6. әл-Уахданият (жалғыз). Ә) «Субути» сипаттар сегіз:
7. әл-Илм (білу);
8. әл-Кәләм (сөйлеу);
9. әс-Сәмғ (есту);
10. әл-Басар (көру);
11. әл-Хаят (тірі);
12. әл-Ирада (қалау);
13. әл-Қудра (күдірет);
14. әт-Тәжуин (жарату).

Имам Матуриди ақидасы төмендегі мәселелерді қамтиды: Аллаға сену

1. Алла Тағала бар. Ол – «Уәжибул-ужуд». Яғни, бар болуы міндетті. Одан басқаның бәрі – «Мумкинул-ужуд». Яғни, бар болуы Аллаға тәуелді.
2. Алла Тағала – жалғыз. Оның еш серігі жоқ. Сондай-ақ,

Хақ Тағала затында, сипаттарында, істерінде – жалғыз. Яғни Алланың затына ұқсайтын ешнәрсе жоқ. Оның сипаттарына ұқсайтын сипат жоқ. Әрі Оның істеріне ешкім ортақ бола алмайды. Жаратушы да, басқарушы да – бір Өзі.

3. Алла Тағала әуелден бар. Бар болуы бастаусыз. Есім-сипаттарының бәрі әзели, яғни бастауы да, соңы да жоқ.

4. Алла Тағала еш нәрсеге мұқтаж емес, өздігінен бар. Әлем жаратылмай тұрып Алла бар еді. Әлем жаратылғаннан кейін де Алла еш өзгермеді. Алла ешбір нәрсеге, мекен мен мезгілге тәуелді емес.

5. Алла Тағала – мәңгі. Одан басқаның бәрі пәни (соңы бар). Алланың мәңгі болуы – өздігінен. Ал, Одан басқаның мәңгі болуы – өздігінен емес, Алланың ғана қалауымен.

6. Алла Тағала еш нәрсеге ұқсамайды. Оның ұқсасы, теңдесі, серігі жоқ. Ол еш жаратылысқа ұқсамайды. Жаратылған нәрселер Оған ұқсамайды.

7. Алла жауһар (дененің бөлінбес бөлшегі) емес, жисм де (физикалық дене) емес, ғариз де (физикалық денеде болатын кездейсоқ форма) емес. Өйткені, осы аталған нәрселер – жаратылған денелердің сипаттамасы. Сол себепті, жаратылысқа тән болған нәрсені Алла Тағалаға телуге болмайды.

8. Алла Тағаланың зати, субути сипаттары хақ. Алла Тағала – тірі, Ол – құдіретті. Алла Тағаланың қалау, білу, сөйлеу, көру, есту, жарату секілді және басқа да сипаттары бар. Алланың сипаттары Оның нақ өзі емес. Сондай-ақ, өзінен тыс та емес.

9. Алла Тағала кемшіліктерден ада. Оған жаратылысқа тән бала, әйел т.б. болмыстарды таңуға болмайды. Сондай-ақ, Алла Тағала өзі жаратқан нәрселерге ену, бірге болу, олардан ажырау немесе жабысу секілді ұғымдардан да ада.

10. Алла Тағала бізге мәлім тілдік ұғымдағы келу, кету, қимылдау, тұрақтау, орналасу, сондай-ақ, жүз, көз, қол, аяқ, балтыр т.б. секілді жаратылысқа тән дене ұғымдарынан да ада. Ал, осы мағынада келген сөздер бізге мәлім тілдік ұғымда емес. Бұл сөздерде ерекше мағына бар. Бірақ, «Алланың өзі біледі» деп Аллаға тапсырамыз (тафуид жасаймыз). Қажетті жағдайда араб тілі қолданысында бар, Алланың ұлықтығына лайық астарлы мағынада жорамал (тәуил) жасалады.

11. Алла Тағалаға кейіп, сурет, көлем, пішін, шек, тарап беруге болмайды. Алла Тағала жаратылыстарға тән осы сипаттардан ада.

12. Алла Тағала сөйлейді. Оның кәләм сипаты бар. Бірақ Оның сөйлеуі біздің сөйлеуіміз секілді дауыс, дыбыс, әріптерден құралмайды.

13. Алла Тағала мен оның пайғамбары Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) білдірген иләһи есім-сипаттардың барлығы хақ және олардың ешбірін жоққа шығаруға болмайды.

14. Хақ Тағала сипаттарының барлығы бастаусыз қадим әрі мәңгі. Алла Тағаланың сипаттары бұдан кейін де пайда болмайды. Өйткені, Ол еш өзгермейді. Алла әлем жаратылмай тұрып кемел болған. Әлемнің пайда болуымен немесе аяқталуымен Оның кемелдігі толықпайды әрі кемімейді.

15. Жәннат иелері Алла Тағаланы ақыретте көреді. Бірақ Оның көрінуі еш кейіпсіз, тарапсыз, арақашықтықсыз жүзеге асады. Оның ақыретте көрінуін жоққа шығаруға болмайды.

Періштелерге сену

1. Періштелерге иман келтіру парыз және олардың өздеріне тән әртүрлі қызметтері бар. Олар жоққа шығарылмайды, ер-әйел деп жынысқа бөлінбейді.

1. Періштелер нұрдан жаратылған. Алланың қалауымен әртүрлі кейіпте және адам бейнесінде де көріне алады. Бірақ жағымсыз бейнеде көрінбейді.

1. Періштелер ішпейді, жемейді, көбеймейді. Олардың нақты саны Аллаға ғана аян.

1. Төрт үлкен періште бар. Олар: Жәбірейіл, Микәйіл, Исрафил, Өзірейіл.

Кітаптарға сену

1. Елшілерге түскен төрт қасиетті кітап – Тәурат, Забур, Інжіл, Құран Кәрім ақиқат. Олардың ешбірін жоққа шығаруға болмайды. Тәурат, Забур, Інжіл кітаптарының түпнұсқасына иман келтіреміз.

2. Құран Кәрім пайғамбарымыз Мұхаммедке (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жиырма үш жылда

толық түскен. Құран Кәрім еш өзгеріске ұшырамаған әрі ұшырамайды. Оның сақталуын Алла Тағала Өз кепілдігіне алған.

3. Құран Кәрімде 114 сүре бар. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көзі тірісінде Құран Кәрімнің сүрелері, аяттары толық реттеліп, сүрелердің орны белгіленіп көрсетілген.

4. Алла Тағаланың сөзі – Құран Кәрім жаратылмаған. Ал, жаратылған нәрселер – қолымыздағы Құран кітабының қағаздары, бояулары, әріптері және оқығанда шығатын дыбыстары.

5. Құран Кәрімде насих-мансұх (үкімін жоюшы, үкімі жойылған), мухкәм-муташабиһ (анық-астарлы) аяттар бар. Құран Кәрім хақиқи-мәжази (тура-ауыспалы), ғамм-хас (жалпы-жалқы), мутлақ-муқаййад (шексіз-шектеулі), мужмал-муфассал (ықшамды-кең көлемді) секілді үкімдерді қамтыған.

Пайғамбарларға сену

1. Пайғамбарларға сену – парыз. Олар – адам нәсілінен шығады. Ішеді, жейді, үйленеді, бала-шағалы болады. Адамзатқа тән асыл қасиеттердің барлығы пайғамбарлардың бойында табылуы хақ.

2. Олар күнә жасамайды, өтірік айтпайды, ақиқатты жасырмайды, Алланың бұйырықтарын толық орындайды. Ақылы кеміс болмайды, жын соқпайды. Жұқпалы, адам жиіркенерлік аурулармен ауырмайды. Пайғамбарлар ғұмырында ақылынан алжаспайды.

3. Пайғамбарлар – халыққа шариғатты жеткізушілер. Олар шыншыл, аманатқа берік, айрықша зейінді, сондай-ақ, бейкүнә деген міндетті сипаттарға ие. Пайғамбарлардың ер кісіден болуы шарт.

4. Пайғамбарлардың алғашқысы – Адам (Оған Алланың сәлемі болсын), соңғысы – Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын). Одан кейін пайғамбар келмейді.

5. Пайғамбарлардың саны мұнша деп кесіп айтылмайды. Құран-Кәрімде жиырма бес пайғамбардың аттары аталған. Олар: Адам, Ыдырыс, Нұх, Салих, Һуд, Ибраһим, Лұт, Исмаил, Ысқақ, Жақып, Жүсіп, Айюб, Зұл-Кифіл, Шұғайып,

Мұса, Һарун, Дәуіт, Сүлеймен, Ілияс, әл-Йасағ, Жүніс, Зәкария, Жақия, Иса, Мұхаммед (оларға Алланың сәлемі болсын).

6. Олардың бесеуіне «улул-азм» (ұлы пайғамбарлар) деген атау берілген. Олар: Нұх, Ибраһим, Мұса, Иса, Мұхаммед (оларға Алланың сәлемі болсын).

7. Пайғамбар екендігін растау үшін оларға мұғжиза беріледі. Мұғжиза пайғамбарларда ғана болады.

8. Расул мен нәбидің айырмашылығы бар. Расулдарға кітап түседі, шарифат беріледі. Ал нәбиге кітап түспейді, шарифат берілмейді. Керісінше, өзінің заманындағы немесе өздерінен бұрын өткен расулдардың шарифатымен жүреді.

9. Пайғамбарларды Алла Тағала өз қалауымен жіберген. Сондықтан, пайғамбарларды жіберу Алла Тағаланың міндеті болып есептелмейді.

10. Мұхаммед пайғамбардан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кейін өзін пайғамбар деп жариялау – күпірлік.

Тағдырға сену

11. Тағдырға сену – парыз. Сондай-ақ, оның жақсылығы да, жамандығы да Алладан деп сену – міндет.

12. Тағдыр – Алла Тағаланың жаратылыстан жасырған сыры. Оны Алланың Өзінен басқа ешкім білмейді. Тіпті, пайғамбарларға да, періштелерге де беймәлім.

13. Тағдырды болжауға тыйым салынған. Оның сырын ашуға талпыну – адасушылық.

14. Тағдыр Алланың қалауымен болады. Алланың қалауынсыз ештеңе болмайды.

15. Пендеде жеке жүзи ирада (өлшеулі, шектеулі, қалау мен таңдау еркіндігі) бар. Адам осы таңдау еркі арқылы қандай да бір істі қалауға құқылы. Айталық, белгілі бір күнәлі іс жасау немесе мұқтажға көмек беру сияқты жақсылық жасау пенденің қалауы және таңдауы арқылы жүзеге асады. Осы амалды жасау барысында оны ешкім мәжбүрлеп, міндеттемейді. Сондықтан, пенде осы қалауы үшін ақыретте жауап береді. Алла Тағала пендеге бұл істі мәжбүрлеп істетіп тұрған жоқ, пенде өз қалауымен амалды таңдап, жүзи ирадасы (қалау еркіндігін) арқылы жасауда. Пенде Алланың өзіне берген қалау еркіндігі арқылы қандай да бір істі жасауға

әрекет етсе, Алла оған сол істі жасайтын күш (иститағат) беріп, амал-әрекетін іске асырады. Бұл туралы Құранда: «Алла сендерді де, сендердің іс-әрекеттеріңді де жаратты» («Сафғат» сүресі, 96-аят), – деп анық айтылған. Алайда, пенденің қалауы Алланың кулли ирадасынан (Алланың шексіз қалауынан) тыс болмайды. Бұл жөнінде Құранда: «Әлемдердің Билеушісі Алла Өзі қалап бұйырмайынша, сендер өз беттеріңмен ешнәрсе қалай алмайсыңдар» («әт-Тәкуир» сүресі, 29-аят), – делінеді.

Ақырет күніне сену

1. Ақыретке сену және қияметте болатын істердің барлығын мойындау – парыз.

2. Қабірде екі періштенің сұрақ алатындығы, сондай-ақ, онда азап пен рахаттың болатыны хақ. Оны жоққа шығару – күпірлікке апаратын адасушылық.

3. Қияметте қайта тірілу, махшар, есеп-қисап, таразы, амал дәптерінің берілуі, сират көпірі, жәннат пен тозақ – хақ. Мойындамаған адам діннен шығады.

4. Жәннат пен тозақ – мәңгі. Жаннаттықтар онда мәңгі рахат өмір сүреді. Кәпірлер тозаққа түскеннен соң оның отында мәңгі азап шегеді. Ал, күнәларының себебінен тозаққа түскен иманды жандар күнәларына сай жазасын алғаннан кейін тозақтан шығарылып, жұмаққа кіргізіледі.

5. Ақырет күні Ислам заңдарымен өмір сүрген және де өзінің ізгі істері үшін молынан сауап жинаған адам амал дәптерін оң жағынан алады. Ал кімнің күнәлары көп болса амал дәптерін сол жағынан немесе артынан алады.

Ақидаға қатысты қосымша мәселелер

1. Үлкен күнә жасаушы адам діннен шықпайды. Алайда күнәһар мұсылман саналады. Оны Алла өз қалауынша жарылқайды немесе азаптайды.

2. Пенденің іс-әрекеттері әуелі Алланың жаратуымен, сосын өзінің (яки пенденің өзінің) еңбегімен жүзеге асады.

3. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шапағаты хақ.

4. Лаұхул-махфуз бен қаламның бар екеніне иман келтіру – міндет.

5. Аршы мен Күрсінің бар екендігі – хақ. Аршы – жаратылыстың ең үлкені.

6. Сахабалардың ешбірін бөліп-жарып, алалауға болмайды. Жаннатқа кіреді деп сүйіншіленген он сахабаның жұмақтық екені хақ.

7. Тақуа көрінген адамды жаннаттық, ал күнәһар адамды тозақтық деп кесіп айтуға болмайды.

8. Алла Тағала шынайы тәубе еткен пенденің күнәсінің бәрін кешіреді.

9. Әулиелер пайғамбарлардан абзал болып есептелмейді.

10. Пайғамбарлардан (оларға Алланың сәлемі болсын) кейінгі адамдардың ұлығы – Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли (оларға Алла разы болсын).

11. Сахабаларға тіл тигізу – адасушылық.

12. Әулиелердің кереметі – хақ.

1.2 Шариғат негізі (фиқһ)

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы шариғат мәселелерінде Әбу Ханифа мәзһабын басшылыққа алады. Шариғатты зерттейтін ілім «Фикһ» деп аталады.

Ханафи мәзһабының негізін қалаушы – Нұғман ибн Сәбит Имам Ағзам Әбу Ханифа (80-150/699-767). Ханафи мәзһабын әлем мұсылмандарының шамамен 50 пайыздан астамы ұстанады. Бұл мәзһаб – Қазақстан мұсылмандарының сан ғасырлардан бері ұстанып келе жатқан сара жолы.

Ханафи фикһы аят-хадистер негізінде төмендегі мәселелерді қамтиды:

1. Ахкамул-ибадат (құлшылық үкімдері) – намаз, ораза, қажылық, зекет, құрбандық секілді Жаратушы мен пенде арасындағы қатынастарды реттейтін құлшылыққа қатысты үкімдер;

2. Ахкамул-муамалат (қарым-қатынастар үкімдері) – келісімшарттар (сауда-саттық, неке т.б.), қылмыстар мен оларға берілетін жазалар секілді адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін үкімдер.

Ханафи мәзһабы бұдан басқа да көптеген қоғамдық қатынастарды реттейді. Ханафи мәзһабы – жүйелі ойлаудың үлгісі, азаматтардың арасында тепе-теңдікті негізге алған, уақыт өте келе бір жүйеге түсіп үлкен мектепке айналған,

әлемнің түкпір-түкпіріне тараған, төзімділікті насихаттайтын фикһтық әдістемелердің жиынтығы.

Ханафи фикһындағы жауапкершіліктің түрлері:

1. Парыз – жасалуы нақты әрі анық дәлелдермен бұйырылған амалдар мен міндеттер. Парыздар екіге бөлінеді: а) Парыз-айн: Әрбір мұсылман үшін орындауы тиісті парыздар. ә) Парыз-кифая: Әр мұсылманға жеке-жеке міндеттелмеген, мұсылмандардың кейбіреуі атқарған жағдайда басқа мұсылмандардың мойнынан жауапкершілігі түсетін міндеттер.

Парыздың үкімі: Орындалуы міндетті болғандықтан, парызды себепсіз өтегендер күнәға батады.

2. Уәжіп. Ханафи ғалымдары парыз бен уәжіпті бөлек қарастырады. Уәжіптің орындалуына қатысты келтірілген дәлелдер парыз үкімі сияқты күшті әрі айқын емес.

Уәжіптің үкімі: Орындалуы міндет. Орындалса сауап, орындалмаса күнә ретінде есептеледі. Уәжіптің парыздан айырмашылығы уәжіпті мойындамаған кісі діннен шықпайды.

3. Сүннет. Ислам құқығы бойынша, сүннет – пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) парыз бен уәжіптен бөлек істеген әрі істеуге ынталандырған іс-амалдары. Сүннет өз ішінде үшке бөлінеді:

а) Бекітілген сүннет (сүннә муәккәдә); ә) Бекітілмеген сүннет (сүннә ғайру муәккәдә); б) Қосымша сүннет (сүннә зәуәид).

Сүннеттің үкімі: Бекітілген сүннеттерді орындау мол сауапқа кенелтеді. Немқұрайлы қарап немесе әдейі орындамаған кісі ақыретте жазаланбаса да, Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шапағатынан мақұрым қалуы мүмкін. Мұндай сүннетті біле тұра істемеу – танзиһи мәкруһ (жағымсыз іс). Сүннеттерді өзгерту – бидғат һәм адасу.

Бекітілмеген сүннетті орындау – сауап, ал орындамау – мәкруһ емес. Бұл санаттағы сүннеттерді орындамау күнә болып саналмайды әрі ақыретте жауапқа тартылмайды.

4. Мұстахапжәнеоныңүкімі. Бұл–Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кейде ғана

жасаған амал-құлшылықтары. Мұстахап амалдар құлшылық ғибадаттың салмағын арттырып, адамдар арасындағы өзара қатынастардың ізгіленуіне арқау болатын адами құндылықтар саналады. Мұстахапты орындау – сауапты іс, ал орындамау оның сауабынан құралақан қалдырады.

5. Мұбах. Мұбах – рұқсат етілген, оны орындағанда да, орындамағанда да сауап немесе күнә жазылмайтын амалдар.

6. Харам. Шарифат бойынша тыйым салынған іс-әрекеттер мен нәрселер. Харамның үкімі: Харамды тәрк ету – парыз. Оны жасаған адам күнә арқалайды.

7. Мәкрүһ және оның түрлері. Мәкрүһ – жасалуы құпталмаған, ұнамсыз іс-әрекеттер мен нәрселер. Ол өз ішінде екіге бөлінеді: а) Тахрими мәкрүһ – харамға жақын мәкрүһ. Алла мен Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) құптамаған іс-амалдар. Бұл санатқа харамға жақын мәкрүһ нәрселер жатады. ә) Тәнзиһи мәкрүһ – халалға жақын мәкрүһ. Алла мен Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) нақты тыйым салмаған іс-әрекеттер мен нәрселер.

Мәкрүһтің үкімі: Тахрими мәкрүһті жасамау – сауап. Ал, оны жасау ақыретте азапқа душар етуі мүмкін.

Тәнзиһи мәкрүһ істерді жасау ақыретте азапқа душар етпейді. Бірақ, оны тәрк ету – сауап.

Имам Әбу Ханифа және ханафи ғалымдарының фикһ әдіснамасында сүйенген дәлелдері:

1. Құран Кәрім. Құран Кәрім – Ислам шарифатының негізі. Исламның жалпы қағидалары Құраннан алынады.

2. Сүннет. Сүннет – Алла Елшісінің шарифат үкімдерін қамтыған сөздері, іс-әрекеттері мен мақұлдаған істері.

3. Ижмағ. Ижмағтың фикһ әдіснамасындағы мағынасы – Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дүние салғаннан кейін мұсылман мүжтәһид ғалымдарының бір дәуірде белгілі бір діни үкімге бірауыздан келісуі. Ижмағ нақты дәлел санатына жататындықтан, оған күмәнмен қарап, қарсы шығу – адасу.

4. Қияс. Құран аяттары мен хадистерінде және ижмағта ашық үкімі жоқ қандай да бір қалыптасқан ахуалды Құран мен хадисте сөз болған қандай да бір жағдаймен салыстыра

отырып, ұқсастығына қарай шешім шығару. Қияс нақты бір негізге сүйенгенде ғана дұрыс саналады. Қияс арқылы Құран мен сүннетте негізі бар бір үкім шығарылады.

5. Сахаба сөзі. Хазіреті Пайғамбармен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кездесіп, оған иман келтірген және мұсылман күйінде қайтыс болған кісіні «сахаба» дейді. Көптеген Фихһ ғалымдарының көзқарасы бойынша, ижтиһадпен шешілмейтін бір мәселеде сахабаның сөзі дәлел бола алады.

6. Истихсан. Мүжтәһидтің қандай да бір мәселеге қатысты қияспен екі түрлі үкім беруі мүмкін болған жағдайда қолайлы үкім шығару. Истихсан әдісі «қиындықты тастап, жеңілін таңдау» принципі негізінде жүзеге асады.

7. «Әдет-ғұрып». Қандай да бір елде көпшіліктің қолданысына енген белгілі бір қимыл-әрекеттен тұратын және сол халықтың өмір сүру салтына айналған әдеттер жиынтығы. Шариғат негіздеріне қайшы келмей, арамды адал, адалды арам қылмайтын, адамдар арасында әдетке айналған салт дұрыс (сахих) ғұрып болып саналып, негізге алынады.

Фихһ әдіснамасындағы қосымша дәлелдер:

1. Истислах. Истислах – масалиху мурсәләмен үкім шығару. Масалиху мурсәлә – қоғам игілігі үшін көзделген істер. Исламда қолданылған игі істер мына бес нәрсені қорғау мақсатына бағытталған. Олар: дін, мал-мүлік, жан, ақыл және ұрпақ. Аят-хадиспен белгіленбеген игі істер «масалиху мурсәлә» (ижтиһад алаңына қалдырылған игі істер) деп аталады.

2. Истисхаб. Бұл – бірге болу және бір нәрсеге ие болу дегенді білдіреді. Ислам құқығының бір термині ретінде истисхаб бір нәрсенің сол күйінде қалуы болып есептеледі. Яғни, бұрын бекітілген үкімнің жаңа дәлел табылғанша өзгеріссіз жалғасуы.

3. Сәддуз-зәраиғ. Күнәға себепкер болатын жолдардың алдын алу мақсатында берілген үкім «сәддуз-зәраиғ» деп аталады.

4. Бұрынғы шариғаттар. Хазіреті Мұхаммед пайғамбардан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұрынғы шариғаттардың үкімдері Ислам шариғатына қайшы

келмеген жағдайда негізге алынады. Алайда бұрынғы шарияттардың үкімдері Құран мен сүннеттен ғана алынады.

1.3. Ислам этикасы (ахлақ)

Ислам этикасы ізгілік, адамгершілік мінез-құлық нормалары мен ұстанымдарының жиынтығынан тұрады. Ол – мейірімділік, төзімділік, ықыластылық, шыншылдық, тазалық, жомарттық, бауырмалдық, кеңпейілдік, аманатқа қиянат жасамау, ар-намысты сақтау, уәдеде тұру сияқты көптеген жалпы адамзаттық құндылықтар- ды қамтиды.

II. Ислам, зайырлы мемлекет және зайырлы қоғам

Мемлекет – жанымызды, дүние-мүлкімізді, дінімізді, ар-ождан мен қадір-қасиетімізді ішкі және сыртқы дұшпандардан қорғайтын жоғарғы саяси институт. Мемлекет болмаса жеке адам өзін дұшпандардан қорғай алмайды. Анархияға жол беріліп, әділетсіздік орын алады. Ондай кезде адам құқығы аяққа тапталады. Мемлекетсіз ұлттың мәртебесі сақталмайды.

Зайырлы мемлекет ұғымы «дінсіз мемлекет» деген түсінікті білдірмейді.

Кез-келген зайырлы мемлекетте дін жоққа шығарылмайды. Керісінше, мемлекетті мекен еткен азаматтардың діни ұстанымына еркіндік беріледі. Сенім бостандығына нұқсан келтірілмейді. Азаматтардың таңдауына сәйкес, діни ұстанымдары заңмен қорғалады. Зайырлы қоғамда ұлттар мен ұлыстардың діни сенімі бойынша бөлінуіне жол берілмейді.

Құранда да зайырлылықтың белгісі көрініс тапқан. «әл-Бақара» сүресінің 256-аятында: «(Пенде баласын) дінге мәжбүрлеп кіргізуге рұқсат жоқ...», – деп бұйырылған. Бұл аятта әрбір адам баласына ар-ождан бостандығы берілгені жайлы баяндалады.

Дініміз мемлекет алдында өтелуге тиіс мына міндеттерді орындауға шақырады: салық төлеу, заңдарға құрмет көрсету, халықтың амандығы үшін және бейбіт (рахат) өмір сүруі үшін құзіретті органдар бекіткен қағидалар мен ережелерге мойынұсыну, әскер қатарында борышын өтеу, міндетті зайырлы орта білім алу, қоғам мүлкіне аманат ретінде қарау,

адал еңбекпен мемлекетке қызмет ету.

Ислам түрлі ұлт пен дін өкілдерінің тұрағына айналған зайырлы қоғамдағы азаматтардың әртүрлі діни сенімдеріне құрметпен қарауға үндейді және мұсылман қауымын соған тәрбиелейді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мұсылман үмбетін өзге дін өкілдерінің сенімі мен ғибадатханаларына құрмет көрсетуге шақырған.

III. Ислам, Отан және әскери қызмет

Ислам діні Отанды, туған жерді, халықты, мал-мүлікті қорғауды қасиетті борыш деп санайды. Дін және Отан – қасиетті ұғымдар. «Отанды сүю – иманнан», – деген қанатты сөз туған жерді аялауға, адам бойында отансүйгіштік сезімдерді оятуға жетелейді.

Хадисте Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Біз Ухудты жақсы көреміз, Ухуд та бізді жақсы көреді», – деген. Ислам діні адам баласын туған елдің тауы мен тасына дейін жақсы көруге шақырады.

Мемлекет алдындағы маңызды міндетіміздің бірі – әскери борышымызды өтеу. Әскерге бару – діни әрі ұлттық борыш. Әскер Отанымызды ішкі және сыртқы жаулардан қорғайды.

Тағы бір хадисте: «Екі түрлі көз ақыретте тозаққа күймейді: біріншісі – күнәсына өкініш білдіріп, оңашада егіліп жылаған көз, екіншісі – Отанды қорғап шекара күзеткен көз», – делінген. Ислам тек құлшылықтар діні ғана емес, ол Отанды қорғап, елді сүюге, адамзатқа адал болуға, қоғамға пайдалы іс жасауға тәрбиелейді. Туған жердің тұғырын биік ету – адамдық әрі мұсылмандық борыш.

IV. Ислам және ұлт

Ислам діні әрбір ұлт өкіліне құрметпен қарап, адамзатты ұлтына, нәсіліне және жынысына бөлмейді. Құдай Тағала адамзатты бірін-бірі тануы үшін түрлі ұлттарға бөліп жаратқан. Бұл туралы Құран Кәрімде: «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден (Адам ата мен Хауа анадан) жараттық. Сондай-ақ, бір-бірінді тану үшін ұлттар мен ұлыстарға бөлдік. Расында, Алла алдында

ең абыройлыларың – ең тақуаларың (Алладан шынайы түрде қорыққандарың). Алла барлық нәрсені толық білуші, барлығынан хабардар» («әл-Хужурат» сүресі, 13-аят), – деп баяндалады.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде:

«Әй, адамдар! Естерінде болсын! Раббыларың – біреу, ешбір араб араб еместен, араб емес арабтан діндарлығынан басқа ешбір артықшылығы жоқ. Күмәнсіз Алланың алдында ең мәртебелілерің – діндар болғандарың», – деп ескертілген.

Ислам діні өз ұлтын сүюді құптайды. Бірақ шектен тыс ұлтшылдыққа жол бермейді. Адамдар қауымдасып өмір сүретіндіктен бір-бірімен тату-тәтті, жақсы мәміледе болып, бір-бірінің құқықтарына құрметпен қарауы керек.

V. Ислам, дінаралық қарым-қатынас және толеранттылық

Мұсылмандар тек өз дініндегі бауырларымен ғана емес, басқа дін өкілдерімен де жақсы қарым-қатынаста болған. Сондықтан, ойлары мен сенімдері бізден өзгеше кісілерге толеранттылық танытылады.

Исламда дінаралық толеранттылықтың орны ерекше. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Меккеден Мәдинаға hijрат еткеннен кейін де ешбір адамды Ислам дінін қабылдауға мәжбүрлеген емес. Өзге дін өкілдерімен жақсы мәміледе болуды насихаттаған. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көршілермен қандай мәміледе болу керектігі туралы өз хадисінде:

«Егер көршің өзге дін өкілдерінен болса, онда сенің мойнында бір ақысы бар. Ол сенің көршің болғаны үшін. Егер көршің мұсылман болса, екі міндетің бар. Ол – бірінші көршің, екінші мұсылман болғаны үшін. Ал егер көршің мұсылман-туысқаның болса, үш міндетің бар. Ол – көршің, мұсылман әрі туысқаның болғаны үшін», - деген. Осы хадиске назар аударсақ, қоғамда бізбен бірге өмір сүріп жатқан барлық азаматтардың әр нәрседе өз құқықтары бар. Ол қандай дінде болсын, онымен жақсы мәміледе болу керек. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын)

өзге діндегілердің құқығын бұзбауды және олармен жақсы мәміледе болуды өсиет еткен.

VI. Ислам және салт-дәстүр

Ислам – тек араб халқына емес, жер жүзінің барлық халықтарына тұтастай жіберілген, Бір Аллаға сеніп, құлшылық жасауды бұйыратын монотеистік дін. Шарифат сан түрлі халықтардың ерекшеліктері мен қасиеттеріне құрмет көрсетеді. Ислам ұлттық мәдениетті, ұлттық әдет-ғұрыптарды және дәстүрлерді жою, ұмыттыру үшін емес, сақтау, дамытуды мақсат етеді.

Халық ұстанған дұрыс әдет-ғұрыптар Ислам заңнамасындағы құқықтық нормалардың бастауларының бірі болып саналады. Алла Тағала «Ағраф» сүресінің 199-аятында: «Кешірімді бол, ғұрыппен әмір ет және надандардан теріс айнал», – деп бұйырған.

Шарифат үкімдері басты қайнарын Құран Кәрім мен Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетінен алғандығы белгілі. Аталмыш мәндегі ғұрыптар фикһ ілімінде тармақты үкімдерді белгілеуде заңды дәлел ретінде алынады. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мен сахабалары белгілі бір мәселеге үкім шығарғанда кейде халық арасында қалыптасқан ғұрыптарға да сүйенген.

Фикһ негіздерін зерттеуші ғұламалар Құран Кәрімдегі «Кешірімді бол, ғұрыппен әмір ет және надандардан теріс айнал» деген аятты алға тартқан. Сондай-ақ, Абдулла ибн Масғұдтан (оған Алла разы болсын) жеткен мына риуаятты дәлел етеді:

«Мұсылмандар жақсы деп есептеген нәрсе Алланың алдында жақсы, мұсылмандар жаман деп көрген нәрсе Алланың құзырында жаман».

VII. Исламның ғылым, білім және тәрбиеге қатысты ұстанымы

Білім алу – исламдағы басты парыз. Құран Кәрімнің алғашқы түскен аяты «Оқы!» деген сөзден басталады. Ислам Құран мен сүннетке сүйенген ілімдермен қатар зайырлы білім алуға да үндейді.

Мұсылмандар мемлекеттің білім беру саласындағы заң талаптарын орындауды өздерінің басты міндеттерінің бірі деп біліп, балаларының толық орта білім алып, жан-жақты дамып-жетілуіне, өз білімін кәсіби орта және жоғары оқу орындарында таңдаған мамандықтарына сәйкес жалғастыруға кедергі келтірмейді. Діннің жеке адам мен қоғамды тәрбиелеудегі рөлін анық түсіне біліп, балаларының діни-рухани білім алуына да жағдай жасайды.

Білім алу, сауат ашу – Ислам дінінің ең басты талабы. Алла Тағала Құранда: «Білетіндер мен білмейтіндер тең бола ма?» («әз-Зүмәр» сүресі, 9-аят), – дейді. Құран Кәрімнің көптеген аяттарында білім жайлы айтылған. Алла Тағала: «Білмесендер, ілім иелерінен сұрандар!», – деп бұйырады («Нахыл» сүресі, 43 аят). Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің хадисінде: «Ілім алу – әрбір мұсылман ер мен әйел кісіге парыз», – деген.

Исламда отбасы тәрбиесі – аса маңызды игі амалдардың бірі. Ұрпақты имандылыққа, ізгілікке, адамгершілікке баулу – қоғамдық тәрбие мәселесіне оң ықпал етеді. Өйткені, қоғамның негізі отбасыдан құралады. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: «Әке өз бала-шағасына жақсы тәрбиеден артық ештеңе қалдырмақ емес», – деген. Отбасына тек материалдық тұрғыдан көңіл бөлумен шектелмейді. Отбасының рухани тәлім-тәрбиесіне жіті назар аудару – аса маңызды іс. Кіші мемлекет саналған отбасының тәрбиесі, өмірге деген көзқарасы түзелсе, онда қоғам да түзеледі.

VIII. Ислам және медицина

Ислам дәстүрлі медицинаны қолдайды. Сонымен қатар, ислам Құран мен сүннетке қайшы келмейтін емделу жолдарын қолдануға шақырады.

Имам әл-Бухари мынадай хадисті жеткізген: «Медицина–аурудан айығуға көмектесер құрал». Тағы бір хадисте: «Ауруды жаратқан Алла сол ауруға емді де қоса жаратқан. Әй, Алланың құлдары емделіндер!», – делінген.

Медицина ғылымындағы соңғы жетістіктер – талай жылғы тәжірибенің арқасы ғана емес, бұл Алланың өз құлдарына жасаған қамқорлығы. Имам Муслим жеткізген

хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

«Барлық ауруға дәрі бар. Дәрі ауруға дәл келсе, Алла ол кісіні айықтырады», – деп аурудан емделуге, дәріні қолдануға рұқсат берген.

Құран мен Пайғамбар сүннетінде аурудың алдын алуға қатты көңіл бөлген.

Сондықтан, бүгінгі күнгі заманауи екпелерді қолдану орынды. Усама ибн Зайд жеткізген хадисте: «Қандайда бір жерде жұқпалы ауру тарады дегенді естісеңдер, ол жаққа бармаңдар. Егер оба ауруы сендер тұрған жерде тарай бастаса, ол жерден кетпеңдер», – деп баяндалған. Бұл хадисте аурудан абай бол және өршітпе деп ескертілген.

Тағы бір хадисте: «Кім таңғы аста әжуаның (құрма түрі) жетеуін жесе, оны сол күні у алмайды әрі сикырлық оған өтпейді», – деген. Бұл хадис аурудың алдын алуға шақырады.

IX. Ислам және отбасы

Исламда некелесу, отбасын құру сүннет амалына жатады. Неке мәселесін шарифат заңында (фикһ) «әл-Ахуалуш-шахсия» отбасы құқығы нормативтік актісі реттейді. Оған тұрмыс құру, ерлі-зайыпты арасындағы қатынасқа байланысты болған бүкіл шарифат үкімдері, жар таңдау, құда түсу, неке, қалың мал, әйел мен ердің жеке және ортақ міндеттері, үйленуге тыйым салынған туған-туыстар, тыйым салынған неке түрлері, ажырасу, әйелі мен бала-шағасын, жақын туыстарын нәпақамен қамтамасыз ету, ұл-қыздарына, ата-анасына және жақындарына мұрагерлік үлесін бөлу үкімдері де жатады.

Қазіргі қалыптасып отырған жағдайды ескере келе, отбасын құратын қыз бала ата-анасының келісімін алуы міндетті. Сонымен қатар, некені туған-туысқандар, қоғам алдында жария ететін ұзату, үйлену той жасау құпталады.

X. Құмар ойындары, нашакорлық пен ішімдікке қатысты Исламның ұстанымы

Ислам діні адамның санасын улайтын, ақыл-ойын аздыратын нәрселерге тыйым салады. Мұсылманға денсаулығын, ақыл-ойын, болашақ ұрпағын қорғауды

міндеттейді. Ислам діні бар болмысымен нашақорлықты адамзат өркениетіне қауіпті зұлымдық деп есептеп, жүйелі түрде қарсы шығады. Құранда: «Әй, мүміндер! Хамр (мас қылатын заттар), құмар ойындар, тігілген тастар және бал ашатын оқтар лас шайтанның істерінен. Олардан сақтаныңдар, құтыласыңдар. Шындығында шайтан хамр, құмар ойындары арқылы араларыңа дұшпан кегін салып, Алланы еске алуды және намаз оқуды қойғанды қалайды. Ал, сонда да тыйылмайсыңдар ма?» («әл-Мәида» сүресі, 90,91-аяттар), – делінген.

XI. ҚМДБ-ның радикалды, теріс пиғылды және жалған діни ағымдарға қатысты ұстанымы

ҚМДБ Қазақстан аумағында жария түрде неме се астыртын жұмыс істейтін әр түрлі радикалды, теріс пиғылды, жалған діни де структивті ағымдардың ұстанымдарымен келіспейді. Ел мұсылмандарының бірлігі үшін ықылым замандардан бері қазақ халқының діліне сіңісті болған Ханафи мәзһабын ұстануға шақырады. Танымдық мәселелерде Матуриди мектебінің ұстанымдары негізінде қалыптасқан таным тұғырын ұстануға үндейді.

XII. Ислам және жиһад

«Жиһад» сөзі араб тілінде тілдік тұрғыдан алғанда белгілі бір нәтижеге, мақсатқа жету үшін яки бір істі істеу үшін бар қажыр-қайратың мен ынта-жігерінді жұмсау, тырысу, күресу деген мағыналарды білдіреді. Ал, бұл сөзді ислам дінімен байланыстырып, діни сенім-наным тұрғысынан алғанда, жиһад адамға Алла Тағаланы тану үшін жол ашу дегенді білдіреді. Жаратушыны тануға сауатсыздық, кедейшілік, ерік-ойға, санаға жасалған шектеулер кедергі келтірсе, солармен күресу үшін атқарылатын барлық іс-шара жиһад болып есептеледі. Алла разылығы үшін істелген әрбір іс-әрекет «жиһад» болып саналады.

«Жиһад» сөзі мұсылмандардың қасиетті кітабы Құран Кәрімде отыз бес рет әр сүреде әртүрлі мағынада айтылады. Осы аяттардың төртеуі ғана қолға қару-жарақ алып, дін дұшпандарына қарсы тікелей соғысу мағынасында келген. Ал, қалған аяттарда басқа мағыналарда қолданылған. Қарулы

жиһад тек қорғаныс мақсатында жүргізіледі.

Жиһад – мұсылманның өз нәпсісімен үздіксіз күресі, ең әуелі өзін-өзі түзетуі. Ішкі дүниені, жүректі тазарту. Пенде өз болмысын қызғаншақтық, қанағатсыздық, сабырсыздық, жалқаулық, тәкаппарлық секілді күллі теріс қылықтардан арылтып, олардың орнын көркем қасиеттермен толықтыруы керек.

Хазіреті Мұхаммед пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бірде Тәбук қазауатынан шаршап-шалдығып келе жатқан сахабаларына: «Біз қазір кіші жиһадтан үлкен жиһадқа қайттық», – деген кезде, сахабалары: «Уа, Расулулла, «үлкен жиһад» деген не?», – деп таңданып, сауал қояды. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ол – өз нәпсіңмен күрес», – деп қысқа да нұсқа жауап қайырады.

Осы мағынадағы жиһад адамды ар тазалығына, жан тазалығына, жан тәрбиесіне, рухани-өнегелік тәрбиеге жетелейді.

ХІІІ. Ислам және біртұтас үмбет түсінігі

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңын және басқа да қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады. Сонымен қатар, қазақ халқының сан ғасырлардан бері қалыптасқан діни дәстүрлері мен ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жүргізеді.

ҚМДБ өз жұмысын жергілікті жерде қалыптасқан мұсылмандық дәстүрлерінің негізінде жүргізіп, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында көрсетілгендей, Әбу Ханифа мәзһабының бағытына, ал діни сенім мәселесі бойынша Матуридидің танымдық мектебіне толық басымдық береді.

Тарихта мұсылмандар бірліктің арқасында ірі-ірі табыстарға қол жеткізген. Мұсылмандардың бірлігі бұзылып, бөліну орын алғанда, түрлі қиындықтарға тап болып, өзге саяси күштердің отарына айналған.

Бірлік – қуаттың, күштің көзі, ал бөліну мен алауыздық әлсіздікке жол береді. Біздің міндетіміз – мұсылмандар

арасындағы бірлікті сақтау, жік-жікке бөлінуге жол бермеу. Құранда: «Барлығың Алланың дініне жармасыңдар, бөлінбеңдер», – делінген («Әли Имран» сүресі, 103-аят).

Ислам – бейбітшілік, зиялылық, имандылық, шапағат, қайырым, мейірім діні. Ол тек арабтарға немесе белгілі бір ру, тайпа, ұлт, нәсілге емес, бүкіл адамзатқа жіберілген. Олар ынтымақта болсын, бірін-бірі танысын, достықта өмір сүрсін деп түсірілген.

Дін – бүкіл әлемде адамдардың рухани дүниетанымын байыта отырып, жер бетіндегі адамзат қауымының өмір сүру игілігіне өз үлесін қосатын қуатты күш. Сондықтан, сол күшті адамдар арасындағы достық пен ынтымақтастыққа және мемлекетіміздің дамуына жұмсау қажет. Соның ішінде өзара келісім мен жарасымдылыққа Ислам дінінің қосар үлесі өлшеусіз.

Қазақстан әлем алдында досқа қамқор, дұшпанға кешірімді, көршілерге мейірімді ел екендігін дәлелдеп келеді. Дана халқымыз: «Бірлік бар жерде тірлік бар», - дейді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының осы тұғырнамасы еліміздегі мұсылман үмбетінің түрлі діни пікіралуандығына байланысты бөлінуіне жол бермеуді мақсат етеді. Мешіт жамағатының Құран Кәрім мен хазіреті Мұхаммед пайғамбар (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көрсеткен дұрыс жолдан таймауына, мәһаб пен сенімге (ақидаға) байланысты жік-жікке бөлінбеуіне, Ислам дінінің бейбітшілік пен бірлікке шақырған тура жолымен жүруге Тұғырнаманың ықпалы болады деген сенімдеміз.



**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ИМАМДАР ФОРУМЫНДА**

Қ А Б Ы Л Д А Н Д Ы

**МҰСЫЛМАННЫҢ
ТҰЛҒАЛЫҚ БЕЙНЕСІ**

ТӘЛІМ



ШЫНАЙЫ МҰСЫЛМАННЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ БЕЙНЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

أَحْمَدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ وَالصَّلَاةِ وَالسَّلَامِ عَلَى سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِهِ وَأَصْحَابِهِ أَجْمَعِينَ وَأَمَّا بَعْدُ..

Аса мейірімді, рахымды Алланың атымен бастаймын. Барлық мадақ әлемдердің Раббысы Аллаға тән. Адамзаттың асылы Мұхаммедке, оның отбасы мен сахабаларына салауат пен сәлем болғай!

Қазіргі таңда тұрғындардың, әсіресе жастардың арасында исламға деген қызуғышылық артуда. Бұл – қуантарлық жайт. Алайда, кейбір мұсылмандар бір ісін ұқыптылықпен атқарса, екіншісіне немқұрайлық танытуда.

Шынайы мұсылманның өмірі мен мінез-құлқы үйлесімділікке толы, имандылыққа, адамгершіліктің биік шыңына негізделеді. Қоғамымызда соған себеп болатын мұсылманның сапасын арттыратын әрі дұрыс жолмен жүруге бағыт-бағдар беретін, шынайы мүміннің келбетін бейнелейтін көптеген сипаттар бар.

Атап айтатын болсақ, шынайы мұсылман – дін талаптарына бекем, жүрегі таза, рухани асқақ, биік тұлға. Ол өзінің дініне деген ыждағаттылық білдіруімен, ықыласымен, ыстық махаббатымен ерекшеленеді. Бүгінгі қазақстандық мұсылмандар осы сипаттармен қатар шынайы мұсылманның төмендегі сипаттарын да үлгі ретінде ұстануы абзал болмақ.

1. Дұрыс сенімде болу. Мұсылманның негізгі сенімі – Алланың бар және бір екендігіне, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне және тағдырдың жақсылығы мен жамандығы Алла тарапынан екеніне илану. Алла барлық кемшіліктерден, жаратылыстың сипаттарынан пәк. Алла Тағала естуші, көруші, құдіретті, мұңсыз, білуші, әуелден бар болған, мәңгі, затында, ісінде, сипатында серігі жоқ, ешбір жаратылғандарға ұқсамайды деген сенімде болуы қажет.

2. Білім алу. Сүннетке сәйкес, ғылым, даналық – мұсылманның жоғалтқаны, оны қайдан болса да табу қажет. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің бір хадисінде: *«Білімді талап ету әрбір мұсылманға*

парыз»,¹ – деген. Бұл хадис шариғи һәм зайырлы білім алуды әрбір ер мен әйелге бірдей парыз екенін білдіреді. Сол үшін де шынайы мұсылман өмірінде діни білімнің де, зайырлы білімнің де алатын орны ерекше. Тек діни білім алу парыз, ал зайырлы білім маңызды емес деген қате түсінік. Себебі, бізден бұрын өткен мұсылман ғалымдары білімнің алуан түрлі салаларын меңгерген. Қазіргі таңда озық мұсылманға діни білім мен зайырлы білімді ұштастырса, алынбайтын қамал, бағындырмайтын белес жоқ және адал жолмен ризығын табуына, ғибадатының кемшіліксіз орындалуына жол ашады.

3. Отансүйгіштік. «Отанды сүю – иманнан» деген қанатты сөз бар. Дінімізде отаншылдық шынайы мұсылманға тән қасиет. Ибн Аббастан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

«Сен мен үшін сондай қымбатсың, сүйіктісің. Егер де тұрғындарың сенен шығармағанда, сенен басқа жерде тұрақтамас едім», – деп, Мекке қаласына айрықша ықыласпен қараған.

Мұсылманның тұрғылықты жерінде шекарасы белгілі, сыртқы жаудан аман, мал-мүлік, ар-намыс пен ар-ождан бостандығы қамтамасыз етілген ел оның отаны болып саналады. Мұндай жерде тұрып жатқан мұсылман баласына сыртқы және ішкі жаулардан отанын қорғау парыз болып табылады. Алла жолында, Отан үшін соғыста жүріп дүниеден өткен адамды шаһид деп атайды. Алланың Елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

«Мынадай екі көзді тозақ оты күйдірмейді: Алладан қорқыныштан жылаған көз бен Алла жолында елін күзеткен көз»,² – деген.

4. Заңға бағыну, басшыға бойұсыну. Алла Тағала Құранда былай дейді:

«Әй, мүміндер. Аллаға бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар».³

Әбу Һурайра (р.а.) жеткізген хадис шәріпте Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Кім маған бойұсынса, ол Аллаға бойұсыныпты. Кім маған бойұсынбаса, ол Аллаға бойұсынбапты. Кім басшыға бағынса, ол маған бағынғаны. Кім басшыға**

1 Ибн Мәжә риуаяты.

2 Термези риуаят еткен.

3 «Ниса» сүресі, 59-аят.

бағынбаса, ол маған бағынбағаны»,⁴ – дейді. Шынайы мұсылман басшыға бойұсынып, оларға қарсы шықпайды. Мұсылмандардың арасында келіспеушіліктер пайда болуы мүмкін, алайда олар елдің ауызбіршілігін, жұрттың тыныштығының бұзылуына соқтырмауы тиіс.

Мұсылман үмбетінің үлгі тұтарлық сахабалар ел билеген басшыларына қалтқысыз бойұсынған. Олар ел ішінде болған бүліктерге ермей, ел басшысы халифаға қолдау көрсеткен. Осындай тас болаттай түйінделген ауызбіршіліктің арқасында мұсылмандар ғасырлар бойы билік құрған. Ал, басшыға бағынып жұмыла жұдырық болудың нәтижесінде ғылым мен өнер дамып, дүниелік саланың барлығы өркендеді. Сондықтан басшыға бағыну керектігін әрбір шынайы мұсылман есте сақтауы ләзім.

5. Дінаралық татулықты сақтау. Ислам діні күллі адамзатты түрі мен түсіне, тегі мен нәсіліне, ұлттарға, діні мен діліне бөліп қарастырмай, керісінше, елді ынтымақ пен бірлікке, бейбітшілік пен келісімге, өзара төзімділік пен бір ымыраға келуге шақырады. Алла Тағала «Әнбия» сүресінің 107-аятында:

وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا رَحْمَةً لِّلْعَالَمِينَ

«Біз сені әлемдерге рақым етіп қана жібердік», –деп, мұсылман болсын, мейлі христиан болсын, мейлі яһуди болсын ешкімді бөліп жармастан бүгіндей адамзатқа мейіріммен жіберілген елші екендігін баяндаған. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз хадисінде: **«Нағыз мұсылман – өзге адамдар оның тілі мен қолынан зиян көрмеген адам»,⁵** – деп айтқан. Яғни, шынайы мұсылман қоғамдағы өзге адамдарға зиян тигізбей, мемлекеттің тыныштығын басты назарда ұстайтын адам.

6. Қоғамға пайдалы болу. Шынайы мұсылман өзі өмір сүріп жатқан ортасына әрдайым пайдалы болуға тырысады. Қоғамда ынтымақ, бірлікті күшейтуге қатты көңіл бөледі. Қолынан келгенше жәрдем көрсетуге тырысады. Мысалы, қарызға, шығынға батып, тығырыққа тірелгенге, жақын-жуығына көмектеседі. Көршісімен жақсы мәміледе болып, көмек керек болса қол ұшын береді, қиыншылыққа тап болса жәрдемдесіп тұрады. Асыл дініміз ынтымақ-бірлігі жарасқан

4 Бұхари және Мұслим риуаяты.

5 Мухаммад ибн Исмаил Әбу Абдуллаһ әл-Бухари әл-Жуғфи, 1989. (№ 1144 хадис). 1 т. – 391 б.

имани қоғам құруға шақырады. Адамдарды бір-біріне жәрдемдесуге үндейді. Алла Тағала былай дейді:

«Бір-біріңе жақсылық пен тақуалықта жәрдем беріңдер!».⁶

Алланың Елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: *«Алла үшін адамдардың ең сүйіктісі – адамдарға пайдалы болғаны...».*⁷

7. Еңбекқорлық. Асыл дініміз иманды жанды адал еңбек етуге үндейді. Адал еңбекпен несібесін айыру – пайғамбарлардың дағдысы. Әрбір пайғамбар өз еңбегімен табыс тауып, күнелткен. Миқдад ибн Мағди Якрабтан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Ешбір адам өз қол еңбегімен тапқан тағамынан тәуір тамақ жемеген. Расында, Алланың пайғамбары Дәуіт (а.с.) те қол еңбегімен тамақ тауып жеген»,* – дейді.⁸

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

«Кәсіптің ең қайырлысы – ықыласпен еңбек еткен жұмысшының қол еңбегі», – деген.⁹

Ислам діні адал кәсіп етуді уағыздайды. Риуаяттарға зер салған адамдар бүкіл пайғамбарлардың адал кәсіп еткенін, бұл өмірдегі ғылыми жетістіктер мен өркениеттің көшбасында тұрғанын аңғарады. Мәселен, Адам (а.с.) диқаншылықты, Нұх (а.с.) кеме жасауды, Ыдырыс (а.с.) тігіншілікті, Мұса (а.с.) шопандықты, Дәуіт (а.с.) темір ұсталығын, Зәкәрия (а.с.) ағаш ұсталығын үйретті. Сондықтан адам баласы ризығын табу үшін жұмыс істеуі керек, ал жұмысына лайықты болу белгілі бір білімнің игерілуін талап етеді.

8. Ысырапқа жол бермеу және сарандықтан бойды аулақ ұстау.

Мал-мүлікті жұмсауда ысырап етпей, орта жолды ұстану. Алла Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

وَكُلُوا وَاشْرَبُوا وَلَا تُسْرِفُوا إِنَّهُ لَا يُحِبُّ الْمُسْرِفِينَ

«...Жеңдер-ішіңдер, бірақ ысырап етпеңдер. Күдіксіз

6 Әли Имран сүресі, 103-аят.

7 Табарани, Ибн Әбу Дүния риуаят еткен.

8 Бухари риуаят еткен.

9 Ахмет риуаят еткен.

*Алла ысырап етушілерді сүймейді».*¹⁰ Қанша бай болса да адам баласы қолындағы дүниесіне бекем болып, ысырапқа жол бермеуі тиіс және дүние жұмсауда жанұясының да ризығын кемітпеу керек. Адам бала-шағасына қарамай дүниесін оңды-солды басқа нәрсеге шаша берсе, отбасы кедейлікке ұшырайды. Ең жақсысы – туралық, әділдік. Отбасылық жағдайда болсын, қоғамдық ортада болсын, кез келген жағдайда туралық, әділдік жасау керек. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Беруші қол алушы қолдан жақсы. Беретін болсаң, алдымен отбасыңнан баста. Садақаның ең абзалы – дәулеттінің жомарттықпен бергені»**, – деген.¹¹

9. Көркем мінез-құлық. Ислам – көркем мінез бен әдепке негізделгендіктен әрдайым тазалық пен пәктікті насихаттайды. Алла Тағала:

وَإِنَّكَ لَعَلَىٰ خَلْقٍ عَظِيمٍ

«Расында, сен ұлы ахлаққа иесің» («Қалам» 4-аят), - деп, Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мінезі ұлы, кемел екенін баяндаған. Нағыз мұсылман Қиямет күні амалдарының ішіндегі көркем мінезі таразыда ауыр салмақ басатынын бір сәт ұмытпайды. Оның мінез-құлқы шыншылдық, аманат, туралық, уәдесіне берік болу, тіліне ие болу, ойының таза болуы, кешірімділік, кішіпейілділік, жомарттық, сабырлық, қарапайымдылық, бауырмалдылық, бірлік сияқты т.б. көптеген мақтаулы сипаттармен танылады. Алла елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: **«Мүміндерден иманы ең кәмілі – мінез-құлқы жақсы болғандары. Ал, сендердің ең жақсыларың – әйелімен жақсы қарым-қатынаста болғандарың».**¹² Сондай-ақ, басқа бір хадисте Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Расында, мүміндердің ішінде иманы ең кәмілі – мінез-құлқы жақсы әрі отбасына мейірімді болғаны»**,¹³ - дейді. Әдептіліктің қайнар көзі мен негізгі қағидаларын Ислам дінінен іздеген дұрыс. Ислам көркем мінез бен әдепке негізделгендіктен

10 «Ағроф» сүресі 31-аят

11 Муслим риуаяты.

12 Муснад Имам Ахмад 2/472.

13 Суан ат-Тирмизи 6212.

әрдайым тазалық пен пәктікті насихаттайды. Бұл дініміздің негізгі қағидаларынан айқын көрінеді. Исламдағы барлық ғибадат-құлшылықтар осы мақсатта тоғысады.

10. Кішіпейіл болу. Кішіпейілділік – пендеге Раббысы тарапынан берілетін ерекше мінез-құлық. Кішіпейілділік – пайғамбарлар мен күллі мұқаррабиндер, әулиелерден мирас болған көркем қасиет. Кішіпейіл адам – жер бетінде Раббысынан қорқып, одан ұялып, әрдайым өзін көріп тұр деген оймен ұлыққа да, кішікке де бірдей қарым-қатынас жасайтын жан. Алла Тағала былай дейді:

وَعِبَادَ الرَّحْمَنِ الَّذِينَ يَمْشُونَ عَلَى الْأَرْضِ هَوْنًا ...

*«Рахманның құлдары жер бетінде сыпайы түрде жүреді...».*¹⁴ Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: *«Кім кішіпейілділік көрсетсе, Алла оның мәртебесін өсіреді. Ал, кімде-кім көкірек қақса, Алла Тағала оны мұрнымен жер сүздіреді»*,¹⁵ – деген. Бұл аяттың астары мен хадисте мүміндерге тән кішіпейілділік жатыр әрі өркөкіректіктен алшақтауды тиіс етіп тұр. Бұл тәкаппарлық ақыры жақсылыққа апармайтын жүрек дерттерінің бірі. Себебі, Алла Тағала Құранда:

وَلَا تَمْشِ فِي الْأَرْضِ مَرَحًا إِنَّكَ لَنْ تَخْرِقَ الْأَرْضَ وَلَنْ تَبْلُغَ الْجِبَالَ طُولًا. كُلُّ ذَلِكَ كَانَ سَيِّئُهُ عِنْدَ رَبِّكَ مَكْرُوهًا

«Жер бетінде тәкаппарланып жүрме! Өйткені, сен ешқашан жерді тесіп кете алмайсың және таулардан биік бола алмайсың. Бұлардың барлығы Раббыңның құзырында жеккөрінішті жаман қылықтар санала- ды»,¹⁶ – деп, бұл мінезді жақсы көрмейтіндігін білдірсе, Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Кімде-кімнің жүрегінде тозаңдай өркөкіректік болса, ол кісі жұмаққа кірмейді»*,¹⁷ – деп, тәкаппарлық – дінімізде кісіні тозаққа лайық ететін қатерлі рухани ауру екенін баяндап берді.

11. Бауырмалдық. Мұсылман сипаттарының тағы бірі – бауырмалдық. Пайғамбарымыз (Оған Алланың

14 Фуркон сүресі, 63-аят.

15 Имам Ахмад ибн Ханбал, Муснад

16 «Исра» сүресі. 37,38-аяттар

17 Муслим, Ахмад риуаяты

салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: **«Сендердің ешбірің өзіне қалағанын дін бауырына да қаламайынша, толық иман келтірген болмайды».** Бауырмалдық – бұл адамдар арасындағы шынайы қасиет. Әсіресе, мұсылман бауырың үшін барыңды салып қолдау көрсету – қайырлы істің абзалы. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Мұсылман – мұсылманның айнасы, мұсылман мұсылманның бауыры, оны құрдымға ұшырап кетуден тыйып отырады әрі артынан (шамасы келгенше) қорғаштап жүреді»**,¹⁸ – деп, бауырмалдықтың туыс адамдарға ғана емес, бүкіл қоғамға бағытталатынын атап өтті. Ендеше, қоғамда өзіне де өзгеге де зиян келтірмеу әрі бауырынның қатесін түзету – бұл бауырмашылдықтың бір жемісі.

12. Сәлемдесу. Бір мұсылманның екінші мұсылманмен кездесе қалғанда, онымен амандасуы екеуінің арасына бауырмалдық, мейірімділік пен адамгершілікті ұялатады. Құранда Алла Тағала:

وَإِذَا حُيِّتُمْ بِتَحِيَّةٍ فَحَيُّوا بِأَحْسَنَ مِنْهَا أَوْ رُدُّوهَا...¹⁹

«Қашан сендерге сәлем берілсе, одан жақсырақ немесе соның өзін қайтарыңдар!»¹⁹ – деп бұйырған. Осы аяттан амандасудың қаншалықты маңызды екендігін түсінуге болады. «Әс-Сәләм» – Алла Тағаланың есімдерінің бірі. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің мүбәрак хадисінде былай дейді: **«Расында «Әс-Сәләм» Алла Тағала есімдерінің бірі. Алла оны жер бетіне орнатты. Сондықтан оны өз араларыңда жайыңдар (таратыңдар)»**.²⁰ Мұсылмандардың сәлемі бір-біріне: «Ассаламу алайкум уа рахматуллаһи уа баракатуһ», яғни «Алланың сендерге сәлемі (есендігі, тыныштығы), рахметі, берекесі болсын» деп айту. Демек, сәлемдесу – мұсылмандардың ұраны және олардың рухани байлығының таптырмас бір бөлшегі. Осы арқылы адамдар бір-біріне деген мейірімділік пен сүйіспеншілікті арттырады. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: **«Сәлем беру – сүннет, ал жауап қайтару – уәжіп».** Өйткені, сәлемге жауап қайтармау оны кемсіткенмен

18 Әбу Дәуіт риуаяты

19 «Ниса» сүресі, 86-аят

20 Бухари риуаяты

тең. Біреуді кемсіту оған зиян беру дегені. Ал, шаригатымыз біреуге зиян беруден тыйған. Сонымен, сәлем берумен қатар, оған жақсы жауап қайтаруымыз да міндет екен.

13. Сыртқы келбеті мен тазалығына мән беру. Амру бин Шуғайбтан келген хадисте Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Расында, Алла Тағала нығметінің әсері пенденің үстінен көрінуін жақсы көреді»*,²¹ – деген. Және бір хадисте: *«Тазалық – иманның жартысы»*, – деген. Демек, мұсылман жүдеу-жадау киінбей, тазалыққа мән беріп, өзгеге үлгі болатындай өз дәулетіне лайықты сәнді әрі ұқыпты киіну керек.

14. Ата-анаға бойұсыну және жақсылық жасау. Ата-анаға бойұсыну, кішіпейіл болу, жақсылық жасау, дауыс көтермей жақсы сөз сөйлеу, разылығын табу – бұл барша мұсылманның міндеті. Алла Тағала былай дейді:

وَقَضَىٰ رَبِّيَ أَلَّا تَعْبُدُوا إِلَّا إِيَّاهُ وَيَالِوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا ۖ إِنَّمَا يُبَلِّغُنَّ عِنْدَكَ الْكِبَرَ أَحَدُهُمَا
أَوْ كِلَاهُمَا فَلَا تَقُلْ لَهُمَا آفٌ وَلَا تُنْهَرُهُمَا وَقُلْ لَهُمَا قَوْلًا كَرِيمًا ۖ وَالْحَفِظُ لَهُمَا جَنَاحُ
النَّارِ مِنَ الرَّحْمَةِ وَقُلْ رَبِّ ارْحَمْهُمَا كَمَا رَبَّيَانِي صَغِيرًا

«Раббың өзіне ғана ғибадат етулерінді, әке-шешеге жақсылық жасауды әмір етті. Ал, егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарында кәрілікке жетсе, «Түһ» деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ ол екеуіне зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле. Ол екеуіне кішірейіп, мәрхамет құшағын жай да: «Раббым! Ол екеуі мені кішкентайымда тәрбиелегендей Сен де оларды мәрхаметіңе бөлей көр!», – де».²²

Абдулла ибн Амрден жеткен хадисте Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: *«Алланың разылығы әке-шешенің разылығында, ал қаһары әке-шешенің ашуында»*.²³

Тіпті, ата-ананың борышын Алла жолында күресу және сүннет амалдарынан бұрын орындау перзенттерге міндетті болады. Жаһама (р.а.) Пайғамбарымызға (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келіп: «Мен жорыққа аттануды қалаған едім, сізбен ақылдасайын деп тұрмын», – дедім. Ол (Оған Алланың салауаты мен сәлемі

21 Термизи риуаят еткен .

22 Исра сүресі, 23-24.

23 Термизи риуаяты.

болсын): *«Сенің анаң бар ма?»* – деп сұрады. Мен: «Ия, бар», – дедім. *«Онда бар да оның қасында бол (оған қызмет ет), өйткені жәннат оның аяғының астында»*, – деп айтты Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын). Абдулла бин Амрдан (р.а.) келген хадисте ол былай дейді: «Бір адам Пайғамбарымызға (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келіп: «Жиһадқа рұқсат беріңіз?» – деді. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Ата-анаң тірі ме?»* – деп сұрағанда, ол: «Тірі» деп жауап береді. Сонда Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Онда сол екеуіне жиһад қыл (қызмет ет)»*²⁴, – деген.

15. Отбасына қамқорлық жасау. Ата-анасын, әйел, бала-шағасын және туыстарын нәпақамен қамтамасыз ету отағасының міндеті болып табылады. Әрбір мұсылман азамат оған селқос қарамай, мойнына жүктелген борышын орындауы тиіс. Ибн Омардан (р.а.) жеткен хадисте Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Барлығың да бақташы секілдісіңдер және барлықтарың қоластыңдағылар үшін жауап бересіңдер. Басшы – бақташы. Ер адам – отбасының бақташысы. Әйел – ерінің шаңырағы мен балаларының бақташысы. Қысқасы, әрбірің бақташысыңдар және өздеріңе бағынышты жандар үшін жауаптысыңдар»*,²⁵ – деген. Отбасына қамқорлық тек нәпақа тауып берумен шектелмейді, жанұясында адамгершілік, мейірімділік, сыйластық қарым-қатынастың орнығуына ықпал ету үшін, балаларына жақсы тәрбие мен білім берілуіне жағдай жасау да шынайы мұсылманның міндетіне кіреді.

Шынайы мұсылманның келбетін бейнелейтін сипаттың түрлері көп. Негізгі сипаттары ретінде бірнешеуіне тоқталып өттік. Жоғарыда келтірілген Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) және оның сахабаларының өмірі үлгі болып, әркім өзінің өмірі туралы ой толғап, Алла Тағала Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүйікті үмбеті болуға, оның шапағатына лайықты болып, мұсылмандық қасиеттерімізбен жұмақ төріне өрлей беруімізді жазсын!

24 Хаким риуаяты, иснады сахих.

25 Бухари, Муслим риуаяты.

**ҚАЗАҚСТАН МҮСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ӨКІЛДІГІ**

ТҰҒЫРНАМА

Осы «Тұғырнама» кітабының электронды нұсқасын
www.muftyat.kz, www.oko-meshit.kz
сайттарынан оқуға болады.

Баспаға дайындаған:
ОҚО облыс имам орынбасары
Мұхамеджан ЕСТЕМІРОВ

Тех.редакторы: Абзал Жауһаров

Басуға 10.06.2015ж жіберілді. Офсеттік басылым. Баспа
табағы 1/2. Пішімі 18/84. Таралымы 4200 дана.

Шымкент қ.

ИП «Байсопиев» баспаханасында басылды.